

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Белинский В.Г. Шығармаларының толық жинағы. 6-том. – М., 1955. – 585 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
3. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.
4. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы: Ғылым, 1991.
5. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
6. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 253 б.
7. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 244 б.
8. Нұрғали Р. Әдебиет теориясы. – Астана: Фолиант, 2003. – 344 б.
9. Аманжолов Қ. Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы, 2001. – 344 б.
10. Нәжімеденов Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 б.
11. Айбергенов Т. Аруана – бауыр дүние. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
12. Мырзабеков К. Жолға салдым көшімді. – Астана: Елорда, 2001. – 208 б.
13. Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы. 2 том. – Алматы: 2007. – 384 б.
14. Ақсұңқарұлы С. Адам Ата – Һауа Ана. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 432 б.
15. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. 2 том. – Алматы; 1983.
16. Әдебиеттану терминдер сөздігі – Семей: Новосибирск, 2006. – 398 б.
17. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

Қадыров Ж.Т., Бостан Е.Қ.
М. Қозыбаев атындағы СҚУ КеАҚ

МӘШҰР-ЖҮСІП КӨПЕЕВ АУДАРМАЛАРЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ

Поэзиядағы әуезділікті өлең мағынасынан тіпті де бөліп алуға болмайтыны анық көрінеді. Былайша қарағанда әуезділіктің өзінде, әрине, нақты мағына жоқ, сөйте тұра мағынаны эмоциялық-эстетикалық тұрғыдан айшықтап, мағыналық категорияларын айқындай түседі» [1, 401].

«Өлең жүйелері мен просодиялардың сан түрлі екені қашаннан белгілі. Олардың негізінде жатқан фонетикалық жүйесі ұзын және қысқа бунақтардың (слог) шарпысып тұруына құрылса, француз өлең жүйесі бунақ саны мен дыбыстық үйлесімнің принципін ұстанады, қытай өлеңі ырғақ шарпысуына, бунақтар саны мен үйлесімділікке, ал ағылшын өлеңі екпінді және екпінсіз бунақтардың кезектесіп отыруына негізделеді. Қанша жерден өлең өнері дамиды, өлең жүйесі өзгереді дегенде де, оның тілдің төл табиғатынан туындаған ішкі заңдылықтары бар. Ол заңдылықтарды бұзу арқылы ұлттық өлеңге жаңалық енгізу мүмкін емес. Жаңалық енгізе алғандардың бәрі де тілдің өз бойында бұғып жатқан қасиеттерін байқағандар, аңдағандар. Мысалы, орыс өлеңіне силлабикалық жүйені қалайда енгізуге ұмтылған ақындар аз емес. Сонда да айналып келгенде силлабо-тоникалық және тоникалық жүйе орнығып қала берді» [1, 413]. Мәселен, «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» өлеңінің В.Голубева тәржімесіне көңіл бөлсек:

От зари на закат- солнцу ввек итти,
Так тебе не свернуть с земного пути.
Если горе настигнет, не будь смущен,-
Ведь в смятениях толку не сыщешь ты.

Нет без ночи дней- и ночей без дня,
И чисты, говорится, лишь бог да луна.
Друг за другом радость и горе идут,
Так всему своя очередность дана [2, 296].

«Өлеңнің әр сөзі – ырғақты сөз. Өлеңді оқу, тыңдау, түсіну, өлеңге тұшыну, толқу, тебірену- бәрі ырғаққа байланысты. Сөз өнерінің өзге түрінен өлеңнің басты өзгешелігі де ырғақта жатыр. Өлеңнің түрін белгілейтін де, негізінен, ырғақ. Сырт көзге поэзиялық шығарманың сырт пішінінің өзі прозалық шығармадан өзгеше, бөлек: кесте-кесте, тақта-тақта... әр кесте, яки әр тақта-шумақ, әр шумақтың әр жолы – тармақ, әр тармақтағы дауыс толқынының соқпа-соқпасы-бунақ...» [3, 258]. Ұрғақ табиғаты күрделі-ақ. Сәл артық кетсе өлең басқа интонацияға түседі. Басқа интонация – басқа әсер. Басқа әсер – басқа өлең. Мысалы,

- Жаныңа шын сөйлесең пайда,- дейді,
- Дінің қатты, құр тілің майда,- дейді.

- Сұрады тақсыр Ғайса тұра қалып:
Барасың, лағын, айтшы, қайда?-дейді.
- Сен шықтың тура жолдан асып-дейді,
- Біздерге жол қисығы несіп (нәсіп)-дейді.
- Жалпақ жұрт барып тұрған ол базарға,
Барамын мен де қыла кәсіп!-дейді.
- Топыраққа бас ұрмаймын!-деп, қылып ар,
Бұрынғы дәуреніңе сен болдың зар.
Жұрт барса, тері-терсек, жүн сатады,
Сататын, малғұн, сенің не пұлың бар? [4, 12]

Вот Ғайса остановился, поглядел вдруг строго:
«Ты куда, скажи, несешься, враг извечный бога?
Ведь давно свернул с дороги, с большака прямого».

Тот в ответ: «А мне кривая по сердцу дорога,

- На базар сейчас спешу я вслед народу тоже,
Чтоб свое добро продать людям подороже».
- «Люди будут продавать шкуры там и кожи,
Но не знаю, продавать что ты будешь все же?» [5, 315].
- Сурова твоя вера, а слова магнит,
Душе полезна правда,- чертяка говорит.
Спросил Ғайса святейший вопросом прямым:
- А ты направился куда, с грузом таким?

Ответ черта:

- Выбирайте вы прямые пути.
Наша стезя, по кривой идти.
А направился я, на базар торговать,
Делом заняться, кое-что продать.

Речь Ғайсы:

- Помнится, ты отрекался от жизни былой,
Иль к прошлому тянет все еще душой.
Люди на базар идут продать и купить,
А тебе, лишь бы, что-либо натворить [6, 17].

Тәржімешінің өлеңнің лексикалық-семантикалық жүйесін құрауда ерекше назар аударатыны – ұйқас. «Бұл арада ұйқастың өлең сөздің әуезділігін арттыруға әсерін, қазақ поэзиясының ұйқасқа аса бай екенін, тіпті күні бүгінге дейін ұйқаспайтын өлеңді өлең деп ұға қоймайтынымызды айтып жату артық шығар. Жалпы, ашық буындары көбірек тілдерде ұйқас жаттықтау келеді. «Жаратқан Иеміз қазақ тіліне ұйқасты үйіп-төгіп бере салған. Бұл тіл- нағыз поэзия тілі. Орыс тілі ұйқасқа әлдеқайда жұтаң, мұны кезінде Пушкиннің өзі «любовь-кровь», «младость-радость» деген сияқты жауыр болған ұйқастарды күлкі ете отырып айтқан еді, мен өз тарапымнан немістегі «Herz-Schmerz», «nur-Natur», «Sonne-Wonne» сияқты ұйқастарды қосып қояйын. Қазақ поэзиясының ұйқасқа келгенде бағы бар», - дейді Герольд Бельгер» [1, 417].

Ал осы артықшылығымыз аудармада қалай көрінеді? Өкінішке орай, аударма өлеңдерде ұйқас көбіне-көп нашарлай түседі. Мәшһүр-Жүсіптің «Сөз қылып жаза бердім жоқтан, бардан» деп басталатын өлең түпнұсқасы мен тәржімесінің ұйқастары мынандай:

... бардан,
... қардан.
... пайғамбардан [4, 12].

... стороною,
... сатаною.
... зною [5, 315].
... созидал,
... разжигал.
... слога:
... пророка [6, 17].

Сезім – өлеңнің жаны болса, ұйқас-қаны. Біздің ойымызша, Мәшһүр-Жүсіп өлеңдерінің аудармасында ұйқас мінсіз болуға тиіс.

Автордың дара стилін танытатын басты белгілердің бірі- метафора. Метафорасы дәл жеткізілген түпнұсқаның қай-қайсысының бағы бар. Мәселен, Мәшһүр-Жүсіпте:

Ғылым біл, жұмыс істе оған серік,
Жарлыға мал – бұл, ғылым – болар көрік.
Ғылым, білім өнерсіз, қадірсізді,
Өлік біл, оны жан деп білме тірік [7, 88].

В.Голубевада:

Ты познания умножь и к делам предназначь,
Знанием- бедным богат и украшен богат.
Н живым человека ты не считай,
Если знания он не постиг задач [2, 297].

Мәшһүр-Жүсіптің «жарлыға мал-бұл, ғылым-болар көрік» метафорасын В.Голубева «знанием- бедным богат и украшен богат» дей салып, өлеңнің рухынан шығатын метафораны өз тарапынан өзгеше түрге ендіріп, өлеңге басқа шырай берген. Мұндай мысалдар аталмыш аудармаларда жетерлік. Біз тек біреуіне ғана тоқталдық.

Өлеңде де, тиісінше аудармада да сан түрлі қайталаулардың орны ерекше. Лексикалық, фонетикалық қайталаулар тәржіменің тынысын ашып, әуезділігін арттырып тұратын тұстары бар. Кейде керісінше, түпнұсқадағы қайталау аудармада көрінбей қалады. Мысалы,

Мәшһүр-Жүсіп:

- Жаныңа шын сөйлесең пайда,- дейді,
- Дінің қатты, құр тілің майда,- дейді.
Сұрады тақсыр Ғайса тұра қалып:
- Барасың, лағын, айтшы, қайда?-дейді.

- Сен шықтың тура жолдан асып-дейді,
- Біздерге жол қисығы несіп (нәсіп)-дейді.
- Жалпақ жұрт барып тұрған ол базарға,
Барамын мен де қыла кәсіп!-дейді [25, 12].

В.Цыбин:

Вот Гайса остановился, поглядел вдруг строго:
«Ты куда, скажи, несешься, враг извечный бога?
Ведь давно свернул с дороги, с большака прямого».
Тот в ответ: «А мне кривая по сердцу дорога,

На базар сейчас спешу я вслед народу тоже,
Чтоб свое добро продать людям подороже».
- «Люди будут продавать шкуры там и кожи,
Но не знаю, продавать что ты будешь все же?» [5, 315].

Қ.Канапьянов:

- Сурова твоя вера, а слова магнит,
Душе полезна правда,- чертяка говорит.
Спросил Гайса святейший вопросом прямым:
- А ты направился куда, с грузом таким?

Ответ черта:

- Выбирайте вы прямые пути.

Наша стезя, по кривой идти.
А направился я, на базар торговать,
Делом заняться, кое-что продать.

Речь Гайсы:

- Помнится, ты отрекался от жизни былой,
Иль к прошлому тянет все еще душой.
Люди на базар идут продать и купить,
А тебе, лишь бы, что-либо натворить [6, 17].

Өлең – өлшемге байлаулы өнер. Ақын қай шумақты құрағанда да ырғаққа, ұйқасқа, буынға, бунаққа қарамай тұрмайды. Соған орай аудармашы оның өз ойын, өз образын, өз бояуын дәйім дәл өзінің көздегеніндей етіп жеткізе алмауы әбден мүмкін. Мұның өзі ең мінсіз шығармалардан да табылуы мүмкін. Сол ойдың, сол образдың, сол бояудың өзге тілдегі өзге ырғаққа, өзге буынға, өзге бунаққа түпнұсқадағыдан гөрі әуезді, әрлі болып түсуі екіталай екенін жоғарыда мысалдар арқылы дәлелдеуге тырыстық. Дегенмен, түпнұсқадан асып түсетін тәржімелер де баршылық, бұлар – шын мәнінде өнер туындылары.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абдрахманов С. Төлтума мен телтума (зерттеу). – Астана: Елорда, 2007. – 464 б.
2. Песни степей. Антология казахской литературы. Под редакцией Л.Соболева. Государственное издательство: «Художественная литература». – Москва, 1940, с. 587.
3. Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1983. – 456 б.
4. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы шығармалары. – Павлодар: 2005. – 456 б.
5. Поэты Казахстана. Вступительная статья, составление, биографические справки и примечания М.Магауина «Советский писатель», 1978, 608 стр.
6. Канапьянов К.Н. Избранное. Перевод с казахского М-Ж. Копеева. 1 том. – Павлодар: 2006. – 97 с.
7. Көпеев М.Ж. Таңдамалы. Екі томдық. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1990. – 273 б.

Камшат Аманбаевна Толеубаева

доцент, ф.ғ.к.

Айгерим Даулетгаровна Болкенбаева, магистрант
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

ӘДЕБИЕТТЕГІ ТҮРМЕ ТАҚЫРЫБЫ

Әдебиеттегі түрме тақырыбы - бұл әдеби әдістермен сипатталатын әдебиет жанры, оның автордың өз еркіне қайшы келетін тұстары болады. Мысалы: қара тор, суық сыз, жазықсыз жала, тар қапас немесе үй қамауы. Әдебиеттер тікелей түрме туралы болуы мүмкін, біреудің баяндауымен немесе түрмеде жазған болуы мүмкін. Бұл жанрдағы еңбектер көркем мәтіндегі өмірбаян, бейкөркем мәтіндегі әдебиет болуы мүмкін.

Американдық түрме әдебиеті –қамауда отырған американдықтардың жазған әдебиеті. Бұл әдебиеттің ерекшеліктері американдық әдебиет ғалымдарының зерттеу нысаны болып табылады. Жалпы алып қарағанда, АҚШ тұтқындар санының жалпы халық санына қатынасы бойынша әлемде көшбасшы екен. Яғни 100 мың адамның 754-і тұтқын. Бұл мәліметке сүйенсек, осы себептен де «Түрме тақырыбы» Америка елінде әлдеқайда дамып кеткен. Түрме әдебиеттерінің пайда болуы кейбір қылмыскерлердің немесе саяси сенім құрбандарының өз ойларын жазбаша түрде білдіру үшін қажетті дағдылары бар және басқа адамдармен бөлісуге болатын көптеген өмірлік тәжірибелеріне ие болуымен байланысты болды.

Ертедегі жазбаларды көбінесе қылмыскерлер оларды ұстағанға дейін жазған. ХХ ғасырдың алғашқы жазбаларының шыңында 1894 жылы Нью-Йорктегі Эри округтік түрмесінде 18 айды өткізген жазушы Джек Лондонның мақалалары тұр.

Түрме жазбалары жиі саяси қарсылық актісі ретінде қарастырылады. ХХ ғасырдың алғашқы екі онжылдығында мәтіндерді негізінен қоғамдық қайраткерлерге қатысты қамаудағылар жазды. Социалистік жазушы Кейт Ричардс түрмеде бір жыл өткізген соң, өз өмірін түрме